Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің докторанты Ауғанбай Алтынай Қайратқызының «Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің құқықтық режимі (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)» тақырыбындағы 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Тарихи және мәдени мұраны қорғау мен олардың дамуында сабақтастықты қамтамасыз ету, көшпенділердің тарихи-мәдени мұрасын саналы ұрпақ ретінде сақтап қана қоймай, болашақ жастарға насихаттау, сондай-ақ, қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту және молайту үшін құқықтық кепілдік беру Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі қағидаларының бірі.

Рухани және мәдени құндылықтарымызды, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жарық көрді. Ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба шеңберінде «Туған жер» бағдарламасы, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы, музей экспонаттарының цифрлық каталогы және ұлттық электрондық кітапхана қоры пайда болды, тарихи және мәдени жәдігерлерді цифрландыру жүйесі жолға қойылды. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Бағдарламаның ең маңызды бағыттарының бірі, оны жүзеге асыру барысында алынған, мәліметтерді жүйелендіру және тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан жерлердің құқықтық жағдайын жақсарту болып табылады.

Тарихи- мәдени объектілер орналасқан жер учаскелерін пайдалану, қорғау қатынастарын реттейтін нормаларының жүйесін жетілдіруді қажет етеді, қазіргі кезде тарихи-мәдени мақсатқа арналған жерлер қатынастары бойынша реттейтін заңнама актілерінің әлі де жолға қойылмағандығы мәселе қажет етеді.

Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге қатысты саясаттың әлі де пісіп-жетілмегендігі, ұлттық, рухани тұрғыда мүдделерімізді қамтамасыз ету үшін жан-жақты зерттеуді талап етеді. Аталған жерлерді пайдалану мен қорғау саласындағы туындайтын әртүрлі жер, мүліктік, ұйымдастырушылық, әкімшілік және басқа да қарым-қатынастарға қатысты теориялық тұрғыдан кешенді зерттеулердің аздығы, ұсынылып отырған тақырыптың теориялық жағынан өзектілігін сипаттайды.

Мәдени саясат – қоғамның негізгі құндылықты бағыттары мен тұлғаның жасампаз бастамасын қалыптастыратын әрбір дамыған мемлекеттің басты идеологиялық тұғырнамасы. Мәдени құндылықтар туралы айтқанда біз оның көп қырлы құбылыс екендігіне, күрделі қозғалыс пен даму жағдайында болатындығына назар аударуымыз керек. Сол себепті, қазірде туристік қызмет пен мұражайлар бірте-бірте үлкен индустрияға, қызмет көрсетудің қарқынды

дамып келе жатқан саласына айналуда. ескерткіштерді әлемдік деңгейде танытып, еліміздің туризм саласын дамытуға болады.

Бүгінгі таңда мәдени-тарихи туризмді дамыту үшін, алдымен, инвесторларды тарту, тарихи ежелгі қалалары бар территориялардың инфрақұрылымын, олардың ескерткіштерін, ғимараттарды модернизациялау мен жөндеу мақсатында ішкі қорларды іздеу және туризм бойынша заңнаманы реттеу қажеттігі туындайды. Қалалық ортаны дамыту мақсатында тарихи аймақ шеңберінде мәдени-тарихи туризмнің арнайы қорын құра отырып, басқару жүйесін қалыптастырған да жөн. Ежелгі қалаларды туристік орталыққа айналдыру ұлттық және халықаралық деңгейде дамыту, болашақта туризмді экономиканың ең табысты салаларының бірі болуына ықпал етеді. Осыған орай, тарихи-мәдени мұраны мәдени туризмді дамыту үшін белсенді қолдану, тарихи және мәдени ескерткіштерді туризм инфрақұрылымының маңызды бір бөлігі ретінде қарастырып, елімізде «тарихи қала» атауын ресми енгізу қажет.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы тұжырымдалған теориялық ережелер мен ұсыныстардың жалпы қазіргі заманғы жер құқығының теориясын, атап айтқанда тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге қатысты құқықтарын тереңдетіп, дамытатындығында және одан әрі ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алатындығында.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы диссертацияда қамтылған тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу бойынша заң шығару қызметінің салалық бағыттарын айқындау және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді пайдалану мен қорғаудың құқықтық проблемаларын одан әрі теориялық зерттеуде, ғылыми, құқықтық және сабақтас білім салаларында – құқықтық мәселелер бойынша зерттеулердің болжанған бағытын одан әрі дамытуда, мемлекеттік биліктің заң шығарушы және атқарушы органдары – тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді пайдалану және қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге байланысты олардың заң шығармашылық процестерінде, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде пайдалануға болатындығында.

Ғылыми жаңалық элементтері бар бірқатар маңызды теориялық ережелерді, сондай-ақ, диссертациялық зерттеудің алдыға қойған мақсаттары мен міндеттері дәйекті түрде талданып, алғаш рет тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің құқықт режимін реттеу мәселелері толыққанды зерттеліп өз мәресіне жеткен монографиялық еңбек деп бағалауға болады.

Жұмыстың құрылымы зерттеу пәні, мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен ан тұрады.

Зерттеліп отырған еңбектің тың тақырып екендігіне қарамастан автордың көзқарастары нақты, қорғауға ұсынып отырған ұсыныстары дәйекті, объективті және салыстырмалы-құқықтық тұрғыда шынайылығын көрсетеді, диссертациялық еңбекті толық саралай келе, автордың теориялық

тұрғыда ойының ұшқырлығын, грамматикалық сауаттылығын, заңи терминдерді қолданудағы тіл тазалығын және ғылыми ізденісте тәжірибе жинақтап жетілгендігін аңғаруға болады. Зерттеу жұмысын жазу барысында ізденуші отандық, ресей және халықаралық ғалымдар мен заңгерлердің ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, отандық заңдарды жетілдіруге үлес қосатын авторлық өзіндік тұжырымдамаларын ұсынған.

Ауғанбай Алтынай Қайратқызының «Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің құқықтық режимі (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы диссертациясы ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өз дәрежесінде нәтижелі жазылған деп, жұмысты қорғауға жіберуді ұсынамын.

Ғылыми жетекшісі:
З.ғ.к. қауымдастырылған профессор **Б. Қалымбек**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«02» 02 2025 ж./г.

ӘЛ-ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ
БИН 990140001154